

САПА САЛАСЫНДАҒЫ МАҚСАТТАР
Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар факультеті
2025-2026 оқу жылы

Мақсат	Мақсатқа жету критерийлері
<p>1. Факультетті функциялар мен өкілеттіктерді тиімді бөлу негізінде басқару;</p> <p>2. Еңбек тәртібінің сақталуын қамтамасыз ету;</p> <p>3. Факультеттің тұрақты, жоғары кәсіби кадрлық құрамын қамтамасыз ету.</p>	<p>- деканат пен факультет қызметкерлері арасында функциялар мен өкілеттіктерді тиімді бөлу;</p> <p>- қызметкерлердің 30%-ының біліктілікті арттыру курстарынан өтуін қамтамасыз ету;</p> <p>- еңбек тәртібінің 100% сақталуын қамтамасыз ету.</p>
<p>1. Заманауи білім беру технологияларын енгізу, сондай-ақ нарық конъюнктурасы мен білім беру қызметтерін тұтынушылардың талаптарын ескеру негізінде оқу процесінің сапа деңгейін қамтамасыз ету;</p> <p>2. Білім беру процесін ұйымдастырудың кредиттік-модульдік жүйесін кезең-кезеңімен енгізуді жүзеге асыру;</p> <p>3. Республикалық және шетелдік жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық аясында білім алушылар мен оқытушылардың жоғары оқу орындары арасындағы академиялық ұтқырлығын жүзеге асыру.</p>	<p>- студенттердің үлгерім деңгейін 95%-ға дейін арттыру;</p> <p>- білім беру процесіндегі таңдау компонентінің үлесін 70%-ға дейін ұлғайту, факультеттің барлық бакалавриат және магистратура мамандықтары бойынша мамандық модульдері мен модульдер каталогтарын қалыптастыру;</p> <p>- кемінде 5 студент пен магистранттың алмасуын жүзеге асыру.</p>
<p>1. ҚР МЖМБС талаптарына сәйкес оқу процесін әдістемелік қамтамасыз ету сапасының деңгейін арттыру;</p> <p>2. Инновациялық әдістерді қолдану (ОӘК-де көрсету).</p>	<p>- оқу-әдістемелік әдебиеттерді шығару жоспарына сәйкес 40 оқу құралын басып шығару;</p> <p>- кафедра оқытушыларының әрқайсысының ғылыми және әдістемелік семинарларда баяндама жасауы;</p> <p>- мемлекеттік тілде оқу-әдістемелік әдебиеттерді басып шығару көлемін 15%-ға арттыру;</p> <p>- ұзақ мерзімді шарттар негізінде практиканың барлық түрлерін ұйымдастыру.</p>
<p>1. Ғылыми және академиялық дәрежелері мен атақтары бар оқытушылардың үлесін арттыру негізінде профессор-оқытушылар құрамының (ПОҚ) ғылыми және педагогикалық біліктілік деңгейін көтеру;</p> <p>2. Профессор-оқытушылар құрамы мен білім алушылардың ғылыми-зерттеу әлеуетін іске асыруды қамтамасыз ету.</p>	<p>- білім беру қызметін лицензиялауға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының базалық және бейіндік пәндері бойынша ғылым докторлары, ғылым кандидаттары, философия докторлары (PhD), бейіні бойынша докторлар ғылыми және академиялық дәрежелері бар оқытушылардың үлесін арттыру (факультет мамандықтары бойынша орташа дәрежелілік деңгейі кемінде 52 %).</p>
<p>1. Оқу-тәжірибелік үдерісті жетілдіру негізінде студенттердің факультет пен университеттің қоғамдық өміріне қатысу белсенділігін арттыру, студенттердің бойында жалпыадамзаттық, ұлттық-мәдени және патриоттық құндылықтарға сай қасиеттерді қалыптастыру және дамыту;</p> <p>2. Жетім студенттерді әлеуметтік қорғауды қамтамасыз ету.</p>	<p>- мәдени іс-шаралар мен қайырымдылық акцияларын ұйымдастыру;</p> <p>- факультет студенттерінің кемінде 80 %-ы факультет пен университеттің мәдени, қоғамдық және спорттық-сауықтыру іс-шараларына қатысуын қамтамасыз ету.</p>
<p>1. Материалдық-техникалық базаны дамыту, оқу үдерісін заманауи жабдықтармен, компьютерлік техникамен, факультет мамандықтары бойынша оқу-әдістемелік әдебиеттермен қамтамасыз ету.</p>	<p>- қашықтықтан оқыту әдістерін, интерактивті сабақтарды сапалы қамтамасыз ету үшін техникалық құралдар бөлу туралы өтініш жасау: тиісті бағдарламалық және техникалық қосымшалары бар 1 интерактивті тақта.</p>
<p>1. Қабылдау комиссиясы кезеңінде кәсіптік бағдар беру жұмысының формалары мен тәсілдерін, жарнамалық және насихаттау қызметін жетілдіру негізінде факультет мамандықтарына талапкерлер қабылдау көрсеткішінің өсуін қамтамасыз ету.</p>	<p>- алдыңғы оқу жылындағы талапкерлер қабылдау көрсеткішімен салыстырғанда қабылдауды 5 %-ға арттыруды қамтамасыз ету;</p> <p>- Павлодар қаласының 5 мектебі мен колледжінде кәсіптік бағдар беру жұмысын жүзеге асыру.</p>

ГжӘҒФ деканы



С. Ксембаева

